

Қарасай аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 8 сәуірдегі № 18-7 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 9 сәуірде № 6106-05 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қарасай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарасай аудандық мәслихатының "Қарасай ауданында тұрғын үй көмегін" көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2022 жылғы 7 маусымдағы № 21-4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28443 болып тіркелген) шешімінің және Қарасай аудандық мәслихатының "Қарасай ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2022 жылғы 7 маусымдағы № 21-4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 14-5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6067-05 болып тіркелген) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарасай аудандық мәслихаты аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасай аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Айнабеков